

**"Автокартамен төлеп, iPhone 14 PRO ал"
акциясының шарттары**

1. Осы Қағидаларда "Автокартамен төлеп, iPhone 14 PRO ал" акциясын (бұдан әрі – "Акция") өткізу тәртібі мен шарттары айқындалған.
2. Акция жеңімпаздары осы Қағидаларда баяндалған өлшемшарттарға сәйкес айқындалатын болады.
3. Акцияны ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 56 мекенжайында орналасқан "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі – "Банк") болып табылады.
4. Акция мағынасы мен анықтамасы жөнінен "Ойын бизнесі туралы" ҚР Заңына және "Лотереялар және лотерея қызметі туралы" ҚР Заңына сәйкес құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
5. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды.
6. Акцияға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтары, Қазақстан Республикасының тұруға ықтиярхаты бар бейрезиденттері болып табылатын, осы Қағидалардың барлық талаптарын тиісінше орындаған жеке тұлғалар (бұдан әрі – "Акцияға қатысушы") қатыса алады.
7. Акцияны ұйымдастырушымен немесе Серіктестерімен кез келген белгілер бойынша және кез келген нысандағы үлестес тұлғалар, оның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (жұбайы/зайыбы, ата-анасы (ата-аналары), қызы, ұлы, асырап алушылар, асырап алынған (қызы, ұлы), бір әке-шешеден туған және ата-анасы бөлек балалар, ата, әже, немерелер), ағалары), Қазақстан Республикасының бейрезиденттер және осы Қағидалардың 7-бабында көрсетілмеген өзге де адамдар Акцияға қатыса алмайды және қатыспайды.
8. Акцияның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны	Жеңімпаздар саны
1	iPhone 14 PRO ұялы телефоны, 128 GB, (бұдан әрі - Жұлде)	10	Негізгі - 10 Резервтік - 10

9. Акцияның өтетін кезеңі: 2022 жылғы 14 қарашадағы 00 сағат 00 минуттан 2023 жылғы 22 қаңтардағы 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі – "Акция кезеңі").
10. Акцияға қатысу шарттары:
 - 10.1. "Еуразиялық банк" АҚ-ның қолданыстағы MasterCard төлем картасының ұстаушысы болу;
 - 10.2. Акция кезеңінде "Еуразиялық банк" АҚ-ның MASTERCARD картасымен транзакция жасау:
 - Транзакциялар санына шек қойылмайды;
 - Акцияға MasterCard картасымен жасалған әрбір транзакция қатысады;
 - Транзакция мөлшеріне шек қойылмайды;
11. Акцияға осы Қағидалардың 10-бабының талаптарын толық орындаған қатысушылар қатысады;
12. Ұйымдастырушы Акция жеңімпаздарын (негізгі және резервтік) анықтауды қатысатын транзакциялар тізімі арасынан random.org сайтында осы Қағидалардың шарттарын толық орындаған Акцияға қатысушылар арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізеді.
13. Ұйымдастырушы жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде клиентпен қарым-қатынастың негізгі арнасы (ұялы телефон/мессенджер) арқылы оларға ұтқаны туралы хабардар етеді.
14. Акция жеңімпаздарының тізімі Ұйымдастырушының сайтында немесе әлеуметтік желілерінде жариялануы тиіс.

15. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушының қоңырауларына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жүлдені алудан бас тартса, Ұйымдастырушы резервтегі бірінші жеңімпазға, оған хабарласу мүмкін болмаған жағдайда, резервтегі екінші жеңімпазға хабарласады және т.с.с.
16. Ұйымдастырушының сұрауы бойынша Жеңімпаз мессенджер немесе электрондық пошта арқылы келесідей ақпаратты беруге міндеттенеді: ТАӘ, жеке куәлігі, пошталық индексі бар нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы.
17. Жүлдені Ұйымдастырушы Алматы қаласы, Абай даңғылы 42, 3-қабат мекенжайында орналасқан Ұйымдастырушының кеңсесінде Жеңімпаздың қолына тікелей немесе осы Қағидалардың 17-бабында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Жеңімпаздың пошталық мекенжайына (Жеңімпаз көрсеткен) жіберу арқылы табыс етеді. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз Жүлдемен суретке түсуі тиіс.
18. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаздың Ұйымдастырушы мен Серіктеске тәуелді емес кез келген себептермен Жүлдені ала алмағаны үшін жауапты болмайды.
19. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаздың алған Жүлдені әрі қарай пайдалануы үшін жауап бермейді.
20. Егер Жүлде осы Қағидалардың 19-бабында көрсетілген себеппен алынбаған жағдайда, оны Жеңімпаз қайта талап ете алмайды. Мұндай Жүлделердің алынбауы жөніндегі шағымдар қаралмайды.
21. Жеңімпаздардың алған Жүлделері айырбастауға және қайтаруға жатпайды. Жүлделер ақшалай балама түрінде берілмейді.
22. Акция туралы, Акцияның елеулі өзгерістері, Жеңімпаздары туралы және басқа да ақпарат @Mastercardkz_official Instagram парақшасында, Ұйымдастырушының www.eubank.kz сайтында және Ұйымдастырушының әлеуметтік желілерінде орналастырылады.
23. Ұйымдастырушы мен Серіктес Акция қатысушылары мен басқа мүдделі адамдарға ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Қағидаларда анықталған тәсілмен Акцияның мерзімдерін, шарттарын, Жүлде қорын кез келген уақытта толықтыру және/немесе өзгерту, сондай-ақ Акцияның өткізілуін тұтастай немесе өз қалауы бойынша бір бөлігі бойынша тоқтату, тоқтата тұру, күшін жою құқығын өзіне қалдырады.
24. Ұйымдастырушы мен Серіктес Акцияға Қатысушының қателіктерінің, соның ішінде шеккен шығындардың салдары үшін жауап бермейді.
25. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы даусыз, сөзсіз және қайтарып алынбайтын тәртіппен Ұйымдастырушыға және Серіктеске Қатысушының ТАӘ, оның Акцияға қатысуына байланысты дербес деректерді, сұхбаттарды немесе ол туралы басқа материалдарды, соның ішінде Акцияға Қатысушының фотосуреті мен бейнетүсірілімін, сондай-ақ Акцияға Қатысушы жасаған фото- және бейнежазбаларды Акция туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде шектеусіз мерзімге және аумақты шектеусіз және осындай пайдалану үшін кез келген сыйақы төлемей пайдалану құқығын ұсынады.
26. Жүлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, Қатысушы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген ережелерге сәйкес Акция жүргізу кезеңіне және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл мерзімге Ұйымдастырушы мен Серіктестің ұсынылған дербес деректерін жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), алуға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, өшіруге, Акцияны өткізудің бүкіл мерзіміне оны өткізу мақсаттары үшін жоюды қоса алғанда, оны өңдеуге өзінің келісімін беретінін растайды. Аталған келісімді Қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушының Еуразиялық банк" АҚ, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 56 мекенжайына тапсырылғаны туралы хабарланатын тиісті тапсырыс хат жіберу арқылы кері қайтарып алуы мүмкін.

27. Акцияға қатысу фактісі Ұйымдастырушының және Серіктестің Қатысушының дербес деректерін Акция өткізу мақсаттарында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен өңдеуге Қатысушының еркін, нақты, хабардар және саналы түрде келісімін білдіруі болып табылады.
28. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат дербес деректер деп аталады.
29. Акцияға Қатысушының Акцияға қатысуға байланысты өз құқықтарын (оның ішінде Жүлде алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.
30. Акцияға қатысу фактісі Акцияға Қатысушының осы Қағидалармен танысқандығын және толық келісетіндігін растайды. Қағидалармен келісу толық және даусыз болып табылады.
31. Акцияның барлық нәтижелері, сондай-ақ Акцияны Ұйымдастырушы мен Серіктестің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.
32. Ұйымдастырушы мен Серіктес осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда және даулы жағдайлар туындаған кезде Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе өзге де байланыстарға түспеу құқығын өзіне қалдырады.
33. Осы Қағидаларда қарастырылмаған жағдайларда түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды.
34. Акцияға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, Жүлделерді тапсыруға және басқаларға байланысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде Акцияға Қатысушы Aleksandr.kim@eubank.kz электрондық поштасына хат жазу арқылы Ұйымдастырушыға хабарласа алады. Ұйымдастырушы жауап хатты Акцияға Қатысушыдан өтініш хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.
35. Осы Қағидалар Акцияның ресми құжаты болып табылады.